

АННОТАЦИЯ

философия докторы (PhD) дәрежесін алу диссертациясына

«Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті құқықтық реттеу»

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша Құқық және экономиканың жоғары мектебінің негізінде Гүлмира Маратқызы Ишкибаева орындаған

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «60 жыл бұрын адамның ғарышты игеру дәуірі басталды. Юрий Гагариннің Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшуы әлемдік ғылым прогресінің жарқын символына айналды. Қазақстан халықаралық бағдарламаларға белсенді қатысып, ғарыш технологияларын игеретін болады» деп атап өтті.

Барлық дамыған елдерде ғарыштық қызмет пен экономика қатар дамитыны анық. Бүгінгі таңда ғарыштағы коммерциялық қызмет технологиялық шеберлік пен маркетингтік дағдылар рентабельділікке ұмтылуда күш біріктіретін үлкен және тез дамып келе жатқан қызмет саласына айналды. Ғарыштық сауда бизнес пен инвестициялардың негізгі бағытына айналды және осы қызмет секторына қатысты мемлекеттік саясат қарқынды дамуды жалғастыруда.

Бүгінгі таңда ғарыштық (спутниктік) байланыс үлкен коммерциялық жетістікке жетті және оның себептері айқын. Байланыс адамның барлық дерлік іс-әрекетінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан жақсырақ байланыс - жылдамырақ, қарапайым, қолжетімді, икемді, кеңірек - әрқашан сұранысқа ие идея болып табылады.

Спутниктік байланыстың пайда болуы саяси және экономикалық артықшылықтарға ие болды, бұл табысқа сөзсіз жету деген. Біріншіден, коммуникацияға деген сұраныс әмбебап болып табылады. Екіншіден, физикалық және нормативтік байланыс инфрақұрылымының көп бөлігі қазірдің өзінде қалыптасты. Спутниктер іске қосылып, жер үсті станциялары салынғаннан кейін, оларды қолданыстағы желілерге қосу оңай болды, әсіресе көптеген клиенттер жаңа қызметтердің артықшылықтарын пайдалануға дайын дамыған елдерде.

Біздің мемлекетіміз ғарыш нарығының толыққанды қатысушысы бола отырып, өзінің «KazSat» сериялы байланыс спутниктері және оған тиісті инфрақұрылымы, сондай-ақ Ақмола облысының Ақкөл қаласында және Алматы облысының Байсерке кентінде жұмыс істеп тұрған ҒА жерүсті басқару кешендері бола отырып, өзінің ғарыштық мүмкіндіктерін коммерцияландыруы әбден мүмкін, сол арқылы бүкіл халықтың игілігі үшін елдің экономикалық өсуіне ықпал етуі мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың **мақсаты** – ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметтің құқықтық мәселелерін кешенді зерттеу. Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттер** айқындалды: ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық құқықтық қатынастардың мәні мен мазмұнын айқындау және олардың объектілері мен субъектілеріне сипаттама беру; ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті құқықтық реттеу қағидаттарын зерделеу және олардың мазмұнын ашу; ҚР заңнамасы жүйесінде ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті мемлекеттік-құқықтық реттеу проблемаларын зерттеу және анықтау; ҚР Ұлттық байланыс операторының қызметі контекстінде ҚР-да ғарыштық байланысты дамыту перспективаларын талдау; аталған қызметті жүзеге асыру кезінде шет елдердің ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық тетіктерін және құқықтық практикасын зерттеу.

Диссертациялық зерттеу нысаны. Зерттеу объектісі - ғарыштық байланыс құралдарын коммерциялық мақсатта пайдалану процесінде қалыптасқан құқықтық қатынастар.

Зерттеу мәні. Зерттеу мәні ҚР құқықтық актілерінің, БҰҰ шеңберінде қабылданған халықаралық-құқықтық құжаттардың және ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті реттейтін жиынтығы.

Тақырыптың даму дәрежесі және зерттеудің теориялық негізі. Құқықтық ғылымда ғарыштық байланыс құралдарын коммерциялық пайдалану мәселелері кәсіпкерлік құқық шеңберінде емес, тұтастай алғанда ғарыштық қызмет контекстінде қарастырылады. Айта кету керек, отандық құқықтық ғылымда ғарыштық (спутниктік) байланыс саласындағы еңбектер жоқ, алайда зерттелетін мәселенің техникалық аспектілерін қарастыратын В.Д. Лефтер, М. Маневич, М.М. Молдабеков, Т.М. Мұсабаев, У.М. Сұлтанғазиннің ғарыштық зерттеулер мен технологиялар саласындағы еңбектері ұсынылған. Сонымен қатар, ТМД ғалымдары - А.Х. Абашидзе, Д. Ю. Астапенко, О.А. Волинская, А.В. Диденко, Г.П. Жуков, А.М. Сомов, М.В. Фомкина, М.Р. Юзбашянның еңбектерінде ғарыштық технологияларды коммерцияландыру мәселелері атап өтілді.

Ғарыш қызметін коммерцияландыру мәселелері Д. Нұрмұханқызы, С.М. Сылкина, Е.М. Макаева, Д.У. Байтукаева жұмыстарында атап өтіледі, онда аса маңызды проблемалар – коммерцияландыру процесінің перспективалары мен салдары (оң және теріс) зерттеледі; Ю.В. Ергыгин, О.В. Фирулевтің зерттеулерінде ғарыш қызметін коммерцияландырудың әртүрлі тұжырымдамаларына талдау жасалды; М.Ж. Құлықпаеваның еңбектерінде Халықаралық ғарыш ынтымақтастығы және осындай қызметті жүзеге асырудағы ҚР мемлекеттік органдарының рөлі мәселелері қарастырылады; ғарыштық перспективалар мен мемлекеттілік мәселелері С.Ф. Ударцевтің еңбектерінде қаралады; Халықаралық ғарыш құқығы шеңберіндегі мемлекеттердің ғарыш қызметінің мәселелері С.Ж. Айдарбаевтың зерттеуінде баяндалған; ғарышты игеру саласындағы мемлекеттер ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық мәселелерін Ж.Т. Сайрамбаева сияқты ғалымдар қарады; ғарыш қызметін жүзеге асыру кезіндегі экологиялық қауіпсіздік мәселелері Д.Л. Байдельдинов, Г.Б. Қабанбаева сияқты ғалымдардың зерттеулерінде атап өтілді. Ғарыштық технологияларды, оның ішінде ғарыштық байланысты коммерцияландыру мәселелері экономикалық қызмет пен кәсіпкерлік мәселелерімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы отандық құқықтық ғылымның дамуына бірқатар ғалымдар Ф.С. Карагусов, М.М. Мороз, И.В. Романкова, М.А. Сәрсенбаева және т.б. маңызды үлес қосты. Шетелдік әдебиеттерде В.Р. Шансон, Д.Б. Пайсон, Р. Рюгнгердің еңбектерінде осы мәселеге арналған зерттеулер бар. Ресей Федерациясының П.В. Антипина, Х.О. Ворачек, В.В. Елкин, Б.И. Пугинский сияқты ғалымдарының еңбектерінде коммерциялық құқық және коммерциялық қызмет пен бизнес негіздері қарастырылады, олардың нәтижелері осы диссертацияны жазу кезінде ескерілді.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық құқықтық қатынастар - бұл тұтастай алғанда ғарыш қызметін дамыту нәтижесінде қалыптасқан, құқықтық қатынастардың нақты ережелерін анықтау кезінде оларға спутниктік байланыс қызметтерін ұсыну үшін ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын құқықтық қатынастардың әр Тарабы үшін құқықтар мен міндеттерге мән бере отырып көрсетілген қоғамдық қатынастар. Мұндай қатынастардың ерекшелігі олардың мазмұнына ғана емес, объектілер мен субъектілердің ерекшеліктеріне де байланысты.

2. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық құқықтық қатынастардың принциптері – бұл қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің негізі болып табылатын ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастардың басшылық бастауы. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық құқықтық қатынастар қағидаттарының ерекшелігі мұндай

қызмет тек кәсіпкерлік қана емес, сонымен бірге ғарыштық және экологиялық құқық принциптерін де қамтитындығында көрінеді. Ғарыш қызметін белсенді дамыту нәтижесінде қосымша қағидаттарды, мысалы, ғарыш қызметінің нәтижелерін пайдалана отырып қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту қағидатын, іргелі ғылым мүддесі үшін ғарыш қызметі саласындағы ауқымды жобаларды әзірлеу және іске асыру қағидатын, прогрессивті ғарыш технологияларын жедел әзірлеу, болашақ жобалар үшін ғылыми-техникалық және өндірістік-технологиялық әлеуеттерді құру, сондай-ақ ғарыш қызметінің нәтижелерін экономиканың басқа салаларының мүддесі үшін пайдалану орынды.

3. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті мемлекеттік-құқықтық реттеу – бұл тұтастай алғанда ғарыш қызметін реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін оның органдары тұлғасындағы мемлекеттің кешенді қызметі. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы осындай функцияларды орындау үшін мемлекет экономикалық және құқықтық әдістер сияқты қызметке әсер ету әдістерін қолданады. Аталған ықпал ету әдістерін іске асыру заңнамалық және заңға тәуелді актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар қабылдау және (немесе) енгізу жолымен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, экономикалық, оның ішінде инвестициялық саясатты жүзеге асыру арқылы әсер ету әдістерін жүзеге асыруға болады. Мемлекет тұтастай алғанда ғарыш қызметінің субъектісі ретінде уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы өзінің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды жүзеге асыратын зерттелетін салада орталық орын алады. Қазіргі уақытта ғарыш қызметі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті орган өте күрделі және тұрақсыз. Әлемдік ғарыш процестері жылдам қарқынмен дамып келеді, ал функциялары тек ғарыш мәселелерін ғана емес, сонымен қатар цифрландыру және мемлекеттік қызметтер мәселелерін де қамтитын үлкен министрлік тиімді әрекет ете алмайды, ең бастысы, оның ішінде спутниктік байланыс жүйесінің даму процестеріне тез әрекет ете алмайды. ҚР-ның алғашқы ғарыштық бағдарламаларын іске асыру ҚР Президентіне есеп беретін жеке ғарыш агенттігінің жұмысының нәтижесінде мүмкін болды. Өршіл ғарыштық жобаларды дербес ведомствоның негізі болуға тиіс білікті мамандар әзірлеуі тиіс. Сонымен қатар, бұған дейін ҚР ғарыш қызметінің мәселелері ҚР Үкіметі шеңберінде қаралған болатын. ҚР-ның Ғарыш мәселелеріндегі стратегиялық бағытын растау ғарыш жөніндегі жұмыс істеп тұрған Кеңес болды. Ғарыш байланысын ғана емес, ғарыш ғылымы мен ғылыми технологияларды дамыту мәселесінде мемлекет қызметінің көзқарасы мен бағытын айқындайтын стратегиялық құжатты дайындау өзекті мәселе болуға тиіс.

Сонымен қатар, ерікті сақтандырудың орасан зор шығындарын ескере отырып, үкіметтік деңгейде сақтандыруды жүзеге асырудың орындылығын анықтайтын тетікті әзірлеу ұсынылады. Мұндай тетікті іске асыру ақшалай қаражатты сақтандыру компанияларына емес, перспективалы жаңа ғарыштық жобаларға бағыттауға мүмкіндік береді.

4. ҚР-да өзінің ғарыштық байланыс жүйесі және оған сәйкес инфрақұрылым құрылды және жұмыс істейді. «KazSat» сериялы ҒА және Ақмола облысының Ақкөл қаласы мен Алматы облысының Байсерке кентіндегі ҒА басқарудың жерүсті кешендері – ҚР-да ғарыштық жобаларды іске асырудың және тұтастай алғанда ғарыш қызметін коммерцияландырудың кілті болып табылады. Сонымен қатар, барлық заманауи шешімдер нақты Тапсырыс берушіге бағытталған. Орталықта – тұтынылатын өнімдер мен қызметтердің құндылығын құру, нақты тапсырыс берушінің жобаларының өтелуі. Бұл дегеніміз, спутниктік салада қарапайым ресурсты ұсынудан («шикі» мегагерц спутниктік ресурстан кету) басқарылатын қызметтерге (берілетін деректердің мегабиттері), яғни сыйымдылықтың нарықтық ұсыныстарынан ең үлкен құндылықты тудыратын процестерді құруға жедел көшу жүзеге асырылады.

Осыған байланысты «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы шеңберінде спутниктік байланыс

технологияларын қолдана отырып, Интернет желісінің цифрлық қызметтеріне кең жолақты қолжетімділікті ұйымдастыру үшін жаңа өнімдер мен қызметтерді құру жөніндегі Ұлттық ғарыштық байланыс операторын дамытудың стратегиялық жоспарларын қайта қарау орынды.

ҚР геостационарлық ғарыштық байланысын дамыту үшін өзінің қызмет ету мерзімін пысықтаған «KazSat» сериялы ғарыш аппараттарын уақтылы ауыстыру қажет. Айта кетейік, «KazSat-2» ҒА-ның пайдалану мерзімі 2026 жылы, «KazSat-3» ҒА-ның пайдалану мерзімі 2029 жылы аяқталады.

Бұл ретте, «KazSat» перспективалық жобаларын іске асыру БСБ және радиохабар тарату спутниктік қызметіне қаралып отырған кезеңде әсер ететін бизнес факторларды ескере отырып (байланыс арналарының неғұрлым жоғары өткізу қабілеттілігіне, жиілік өткізу жолағын экономикалық тиімді пайдалануға ұмтылу, IP-сервистер базасында қызметтерді кеңінен енгізу, жерүсті операторлық спутниктік инфрақұрылымның қолжетімділігі мен болуы және т.б.) және ХЭО-да ҚР мәлімдеген ОЖР-ны қорғау және сақтау жоспарланған сипаттамаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, ғарыштық байланысты коммерцияландырудағы маңызды мәселе «РҒБО» АҚ-ның спутниктік байланыс топтамасының халықаралық ГСЕО-ға кірігуі болып табылады. Сонымен қатар, ҚР-да геостационарлық емес спутниктерді қолданумен спутниктік байланысты қолдану ГСЕО жұмысын заңнамалық реттеу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін ғана мүмкін болады.

5. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті реттеудің халықаралық-құқықтық тетіктері - бұл экологиялық талаптарды ескере отырып, коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану үшін ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттердің ынтымақтастығына ықпал ететін халықаралық-құқықтық тетіктер мен әдістердің кешені. Халықаралық құжаттарды талдау спутниктік байланыс (пайдалану) аспектілерін тікелей қозғайтын келісімдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, ғарыштық байланыс құралдарын коммерциялық зерттеу қызметі БҰҰ қабылдаған бірнеше жалпы шарттарға, БҰҰ қарарларына және халықаралық ұйымдардың ережелеріне негізделген. Аталған негізгі құжаттардың ережелері Халықаралық ғарыш құқығының неғұрлым дамыған саласы ретінде спутниктік байланысты пайдалану мәселелерін қозғайды. Қазіргі уақытта БҰҰ қабылдаған жалпы шарттар ең маңызды болып табылады. Алайда, күрделіліктің артуымен қазіргі әлемдегі спутниктік байланыстың кеңеюі мен әсері, сондай-ақ оған қолданылатын құқықтық нормалар жиынтығы көздердің алуан түрлілігіне байланысты екені анық. Осыған байланысты, ғарыш кеңістігін тек мемлекеттер ғана емес, жеке ұйымдар да коммерциялық мақсатта пайдалану жөніндегі қызметке қатысты негізгі құжаттарды өзектендіру одан әрі егжей-тегжейлі зерделеуді талап етеді. Халықаралық-құқықтық реттеу бағытындағы басымдық барлық тараптардың экономикалық мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

Шет елдерде ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу ғарыш байланысын коммерцияландыру үшін шет елдерде қандай нормативтік құқықтық актілер қабылданғанын, бүгінгі күні аталған қызметтің құқықтық негізі қандай бағытта жүріп жатқанын көрсетті. Ғарыштық байланыс құралдарын пайдалану саласындағы коммерциялық қызметті құқықтық реттеу мәселелері тұтастай алғанда ғарыш қызметін дамыту контекстінде қаралды. Ғарыш қызметі саласындағы озық мемлекеттер ұзақ уақыт бойы «Ғарыш қызметін коммерцияландыру туралы» заңды қабылдағанын атап өткен жөн, ол ғарыш қызметі контекстінде бизнесті жүргізу негіздерін, аталған құқықтық қатынастардың объектілері мен субъектілерінің құқықтық жағдайын айқындайды, сондай-ақ ғарыш саласындағы коммерциялық қызметті жүзеге асырудың базалық қағидастарын белгілейді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Зерттелетін тақырып шеңберінде шетелдік және қазақстандық басылымдарда 7 ғылыми-зерттеу жарияланымдары жарияланды, оның

ішінде: 2 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы (Италия) баяндамаларда, 4 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, сондай-ақ 1 мақала - Scopus (Процентиль 83) компаниясының халықаралық базасына кіретін Electronic Security and Digital Forensics халықаралық журналында.

Диссертациялық жұмыс І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Құқық және экономика жоғары мектебінің базасында дайындалып, талқыланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы. Диссертация белгілеулер мен қысқартулардан, нормативтік сілтемелерден, кіріспеден, он кіші бөлімнен тұратын үш бөлімде көрсетілген негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған көздер тізімінен және бір қосымшадан тұрады.